

Жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылуына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 74 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 наурызда № 10455 тіркелді.

"Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 7) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 14.12.2018 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылуына мониторинг жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Министр</i>	<i>В. Школьник</i>
	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 11 ақпандағы № 74 бұйрығымен бекітілген

Жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылуына мониторинг жүргізу қағидалары 1.
Жалпы ережелер

1. Осы Жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылуына мониторинг жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және жаңартылатын энергия көздерінің (бұдан әрі – ЖЭК) пайдаланылуына мониторинг жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жүйелік оператор – орталықтандырылған оралымды-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуді қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

2) ЖЭК пайдалану мониторингі – ЖЭК энергетикалық әлеуеті және электр мен (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін ЖЭК пайдалану нәтижелері туралы ақпаратты жүйелі жинау, есепке алу және талдау;

3) ЖЭК пайдалану объектісі – ЖЭК пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруге арналған техникалық құрылғылар және ЖЭК пайдалану объектісін игеру үшін технологиялық тұрғыдан қажетті және ЖЭК пайдалану объектісі меншік иесінің балансындағы, олармен өзара байланысты құрылыстар мен инфрақұрылым;

4) ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйым (бұдан әрі – энергия өндіруші ұйым) – ЖЭК пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) уәкілетті орган – ЖЭК пайдалануды қолдау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) шағын су электр станциялары – жиынтық қуаты отыз бес мегаваттан аспайтын, бір гидроторапта орналасқан қондырғылары бар және реттеудің

тәуліктік мерзімінен астамын қамтамасыз ететін су қоймалары жоқ су электр станциялары.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар ЖЭК және электр энергетика саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

2. Жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылуына мониторинг жүргізу тәртібі

4. Уәкілетті орган жаңартылатын энергия көздерінің (бұдан әрі – ЖЭК) пайдаланылуына мониторингті:

1) Қазақстан Республикасында электр және (немесе) жылу энергиясын өндірудің жалпы көлемінде ЖЭК пайдалану объектілерінің электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру және босату үлесін есепке алу;

2) ЖЭК пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру көлемінің "Жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 7 қарашадағы № 478 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14489 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 20 желтоқсанда жарияланған) көзделген нысаналы көрсеткіштерге сәйкестігін айқындау үшін жүзеге асырады (бұдан әрі – № 478 бұйрық).

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 14.12.2018 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Энергия өндіруші ұйым тоқсан сайын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзінің әрбір ЖЭК пайдалану объектісі бойынша электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру және босату жөнінде ақпарат береді.

6. Жүйелік оператор тоқсан сайын уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасында өндірілген және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден сатып алынған электр энергиясының көлемі туралы ақпарат береді.

7. Уәкілетті орган алынған ақпараттың негізінде талдау жүргізеді және Қазақстан Республикасындағы электр және (немесе) жылу энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК пайдалану объектілерінің электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үлесін айқындайды.

8. Тиісті облыстың жергілікті атқарушы органдары осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде уәкілетті органға ЖЭК пайдалану объектілерін салуға берілген

жер учаскелері туралы, сондай-ақ іске қосылған ЖЭК пайдалану объектілері туралы ақпарат береді.

9. Уәкілетті орган ЖЭК пайдаланылуына мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша ЖЭК пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру көлемінің № 478 бұйрықта көзделген нысаналы көрсеткіштерге сәйкестігін айқындайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 14.12.2018 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. ЖЭК пайдалану мониторингінің нәтижелері уәкілетті органның интернет-ресурстарында есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 10-күнінен кешіктірмей орналастырылады.

11. ЖЭК пайдалану мониторингі шеңберінде уәкілетті орган ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарды есепке алуды жүргізеді және олардың тізбесін өзінің интернет-ресурсында жариялайды.

	Жаңартылатын энергия
	көздерінің пайдаланылуына
	мониторинг жүргізу
	қағидаларына
	1-қосымша
	Әкімшілік деректерді
	жинауға арналған нысан

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінің электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруі және босатуы туралы ақпарат

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 14.12.2018 № 509 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысанның индексі: № 1 нысан

Ақпаратты ұсыну кезеңділігі: тоқсан сайын

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: жаңартылатын энергия

көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар

Нысан кімге ұсынылады: Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі

Нысанды ұсыну мерзімі: тоқсан сайын

Есептік кезең: тоқсан

1. Энергия өндіруші ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

2. Энергия өндіруші ұйымның орналасқан жері _____

3. ЖЭК пайдалану объектісінің атауы _____

4. ЖЭК пайдалану объектісінің орналасқан жері _____

5. ЖЭК пайдалану объектісінің белгіленген қуаты (кВт) _____

6. Пайдаланатын ЖЭК түрі

7. Жинау нысаны

(электрондық/қағаз) _____

8. Жалпы жұмыс орындарының саны _____, оның ішінде:

Әйел _____

Ер _____

№	Көрсеткіштер	Тоқсан ішіндегі нақты өндіріс	Тоқсан ішіндегі болжамдық өндіріс
	1	2	3
1	Электр энергиясын өндіру, мың кВтс		
2	Жылу энергиясын өндіру, Гкал		
3	Электр энергиясын босату, мың кВтс		
4	Жылу энергиясын босату, Гкал		
5	Электр энергиясының орташа босату бағасы, теңге/кВтс ҚҚС-сыз		
6	Жылу энергиясының орташа өлшемді босату бағасы, теңге/Гкал ҚҚС-сыз		

Ескертпе:

Электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін ЖЭК-тің екі және одан көп

түрлерін пайдаланған жағдайда, есеп әр түрі бойынша жеке беріледі.

(Басшы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы, күні)

"20__ жылғы __-тоқсанға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінің электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруі және босатуы туралы ақпарат" нысанын толтыру жөніндегі түсініктемелер

1. 20__ жылғы __-тоқсанға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінің

электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруі және босатуы туралы ақпарат нысаны (бұдан

әрі – Нысан) "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан

Республикасы Заңы 6-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Нысан жаңартылатын энергия көздерін (бұдан әрі – ЖЭК) пайдаланатын энергия

өндіруші ұйымдармен ұсынылады.

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

1-бөлімде ақпарат беретін ұйымның толық атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі

көрсетіледі;

2-бөлімде ұйымның заңды мекенжайы (облыс, аудан/қала, елді мекен) көрсетіледі;

3-бөлімде ЖЭК объектісінің атауы көрсетіледі;

4-бөлімде ЖЭК объектісінің нақты мекенжайы көрсетіледі;

5-бөлімде ЖЭК объектісінің қуаты көрсетіледі;

6-бөлімде ЖЭК пайдалану объектісінің түрі (күн, жел, гидроэлектр станция, биогаз

қондырғы) көрсетіледі;

7-бөлімде энергия өндіруші ұйымдармен ұсынылатын ақпараттың беру тәсілдері

көрсетіледі;

8-бөлімде объектіге қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалпы саны көрсетіледі, оның

ішінде әйелдер және ерлер.

1-жолдың "Электр энергиясын өндіру, мың кВтс" атты 2-бағанында есептік кезеңде

(тоқсан) ЖЭК объектілерімен электр энергия өндіруінің нақты деректері көрсетіледі;

1-жолдың "Электр энергиясын өндіру, мың кВтс" атты 3-бағанында алдағы есептік

кезеңнің (тоқсан) ішінде ЖЭК объектілерімен электр энергия өндіруінің болжамды деректері

көрсетіледі;

2-жолдың "Жылу энергиясын өндіру, Гкал" атты 2-бағанында есептік кезеңде (тоқсан)

ЖЭК объектілерімен жылу энергиясын өндіруінің нақты деректері көрсетіледі;

2-жолдың "Жылу энергиясын өндіру, Гкал" атты 3-бағанында алдағы есептік кезеңнің

(тоқсан) ішінде ЖЭК объектілерімен жылу энергия өндіруінің болжамды деректері

көрсетіледі;

3-жолдың "Электр энергиясын босату, мың кВтс " атты 2-бағанында есептік кезеңде

(тоқсан) электр жүйесіне босатылған электр энергиясының нақты деректері көлемі көрсетіледі;

3-жолдың "Электр энергиясын босату, мың кВтс" атты 3-бағанында алдағы есептік

кезеңде (тоқсан) электр жүйесіне босатуға жоспарланып отырған электр энергиясының

болжамды көлемі көрсетіледі;

4-жолдың "Жылу энергиясын босату, Гкал" атты 2-бағанында есептік кезеңде (тоқсан)

бірыңғай жылу жүйесіне босатылған жылу энергиясының нақты деректері көлемі көрсетіледі;

4-жолдың "Жылу энергиясын босату, Гкал" атты 3-бағанында алдағы есептік кезеңде

(тоқсан) бірыңғай жылу жүйесіне босатуға жоспарлап отырған жылу энергиясының болжамды

көлемі көрсетіледі;

5-жолдың "Электр энергиясының орташа босату бағасы, мың кВтс, ҚҚС-сыз " атты

2-бағанында есептік кезеңде (тоқсан) электр энергия өндіруші ұйым сатқан электр

энергиясының орташа бағасы көрсетіледі;

5-жолдың "Электр энергиясының орташа босату бағасы, мың кВтс ҚҚС-сыз" атты

3-бағанында алдағы есептік кезеңде (тоқсан) ішінде электр энергия өндіруші ұйым сатуға

жоспарлап отырған электр энергиясының орташа бағасы көрсетіледі;

6-жолдың "Жылу энергиясының орташа өлшемді босату бағасы, мың Гкал ҚҚС-сыз"

атты 2-бағанында есептік кезеңде (тоқсан) электр энергия өндіруші ұйым сатқан жылу

энергиясының орташа бағасы көрсетіледі;

6-жолдың "Жылу энергиясының орташа өлшемді босату бағасы, мың Гкал ҚҚС-сыз"

атты 3-бағанында алдағы есептік кезеңде (тоқсан) электр энергия өндіруші ұйым сатуға жоспарлап отырған жылу энергиясының орташа бағасы көрсетіледі.

	Жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылуына мониторинг жүргізу қағидаларына 2-қосымша
--	--

Нысан

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салуға берілген жер учаскелері, сондай-ақ іске қосылған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері туралы ақпарат

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 18.12.2015 № 730 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысанның индексі: № 2 нысан.

Ақпаратты ұсыну кезеңділігі: тоқсан сайын.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: жергілікті атқарушы органдары.

Нысан кімге ұсынылады: Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі.

Нысанды ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде.

Есептік кезең: тоқсан.

1. 20__ жылғы __ - тоқсанда _____ әкімдігі ЖЭК пайдалану объектілерін салу үшін мынадай жер учаскелерін берді

№	жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	жер учаскесінің ауданы, га	жер учаскесінің орналасқан жері, га	берілген құқық түрі және мерзімі	жер учаскесіне құқықты иеленушінің атауы және БСН	жер учаскесінің мақсаты*
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе:

* мақсатының бір түрін көрсету: жобалау-зерттеу жұмыстары үшін, құрылыс-монтаждау жұмыстары үшін, ЖЭК пайдалану объектісін игеру үшін.

2. 20__ жылғы __-тоқсанда _____ облысы аумағында
мынадай ЖЭК пайдалану объектілері іске қосылды:

№	объектінің атауы	объектінің орналасқан орны	объектіні іске қосу мерзімі	объектінің негізгі жобалық сипаттамалары	құрылыс салушының атауы және БСН
1	2	3	4	5	6

(Басшы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы, күні, мөрі)

"Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салуға берілген жер учаскелері, сондай-ақ іске қосылған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері туралы ақпарат" нысанды толтыру жөніндегі түсінікті

1. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салуға берілген жер учаскелері, сондай-ақ іске қосылған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері туралы ақпарат нысаны (бұдан әрі – Нысан)

"Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 7-бабының 3-1) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Нысан жергілікті атқарушы органдармен (бұдан әрі – ЖАО) (облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар әкімдіктері) ұсынылады.

3. Нысан келесі жолымен толықтырылады:

1-бөлімде есептік мерзімінің (тоқсан) ішінде ЖЭК объектілерін салуға берілген жер учаскелері туралы ЖАО-ның ақпараты көрсетіледі;

2 бағанда берілген жер учаскесінің кадастрлық нөмірі көрсетіледі;

3 бағанда берілген жер учаскесінің ауданы көрсетіледі;

4 бағанда берілген жер учаскесінің нақты орналасқан жері (қала, аудан, ауыл (кенті) көрсетіледі;

5 бағанда түрі (жалға алу, уақытша пайдалану құқығы) және жер учаскесі қандай мерзімге берілгені көрсетіледі;

6 бағанда жер учаскесін алған ұйымның атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі;

7 бағанда берілген жер учаскесінің мақсаты;

4. 2-бөлімде есептік мерзімінің (тоқсан) ішінде іске қосылған ЖЭК объектілері бойынша ақпарат көрсетіледі:

2 бағанда есептік мерзімінің (тоқсан) ішінде іске қосылған ЖЭК объектісінің толық атауы көрсетіледі;

3 бағанда есептік мерзімінің (тоқсан) ішінде іске қосылған ЖЭК объектісінің нақты мекенжайы;

4 бағанда ЖЭК объектісінің іске қосылған мерзімі;

5 бағанда ЖЭК объектілерінің негізгі сипаттамалары;

6 бағанда ЖЭК объектісінің құрылысын жасап жатқан ұйымның толық атауы және бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.